

**Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 124 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Б. Сағынтаев</i>
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 124 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама**  
**Астана, 2018 жыл**

**1. Бағдарламаның паспорты**

Атауы	Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған
-------	--

	<p>мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама)</p>
<p>Өзірлеу үшін негіздеме</p>	<p>Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 1) тармақшасы;  "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының 4-тарауы;  "Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 422 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 63-тармағы</p>
<p>Бағдарламаны өзірлеу үшін жауапты мемлекеттік орган</p>	<p>Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті</p>
<p>Бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасының "Сырбар" сыртқы барлау қызметі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан</p>

	<p>Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері</p>
Мақсаты	<p>Діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету</p>
Міндеттері	<p>Қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру.</p> <p>2. Қазақстан Республикасы халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету.</p> <p>3. Діни экстремизм мен терроризм фактілерін, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру.</p> <p>4. Діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру</p>
Іске асыру мерзімдері (кезеңдері)	<p>2018 – 2022 жылдар</p>
Нысаналы индикаторлар	<p>1. Діни алауыздықты немесе араздықты тудыруға бағытталған экстремистік идеяларды жақтаушы адамдар санын азайту.</p>

	<p>2. Алды алынған және уақтылы жолы кесілген (ой-ниетті қалыптастыру, дайындау, шабуылдау сатыларында) экстремистік сипаттағы террористік және өзге де зорлық-зомбылық акцияларының үлесі.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының аумағында терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ терроризм салдарын барынша азайту және (немесе) жою дайындығының деңгейі</p>
<p>Қаржыландыру көздері мен көлемдері</p>	<p>Бағдарламаны іске асыруға 2018 – 2022 жылдары республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалатын болады.</p> <p>Бағдарламаны іске асыруға бюджеттен жұмсалатын жалпы шығындар 270 148,8 млн. теңгені құрайды (РБ – 209 361,3 млн. теңге; ЖБ – 60 787,5 млн. теңге).</p> <p>Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көлемі тиісті кезеңге бюджет қалыптастырылатын кезде нақтыланатын болады</p>

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауында терроризм қатерінің өрши түсуі жағдайларындағы мемлекеттің қауіпсіздік ахуалы әлемнің дамыған елдердің бірі ретіндегі одан әрі дамуы мен қалыптасуы оның күші мен қабілеттігінің өлшемі болып белгіленді.

Әлемде болып жатқан геосаяси өзгерістер ұлттық қауіпсіздік саласында неғұрлым түрлене бастаған және үлкен қауіптілік көздері тарапынан болатын сын-қатерлер мен тәуекелдердің жаңа спектріне бастамашылық етеді. Діни экстремизм мен терроризм қатерлерінің жүйелі алдын алу аясындағы міндеттердің күрделілігі мен өзектілігі осыған негізделген.

Осы жағдайларда қолданыстағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпымемлекеттік жүйесі жеке адамды, қоғамды және мемлекетті экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық көріністерінен және терроризм қатерінен сенімді қорғау тетігін құру аясында одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Осы Бағдарлама бесжылдық кезеңге әзірленді және Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі

2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның қисынды жалғасы бола отырып, оны іске асыру тәжірибесін және қорытындысын ескереді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде Норвегияның, Финляндияның, Канаданың, Америка Құрама Штаттары мен Біріккен Араб Әмірліктерінің оң тәжірибесі зерделенді және назарға алынды.

Осы елдердің жасағандарын ескере отырып, Бағдарлама экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық көріністері мен терроризмге, радикалдық көзқарастардың ұстанушыларына мақсатты түрде қарсы тұруға бағытталған. Бағдарламада дін мен радикалдану теңестірілмейді, бұл мемлекеттің, қоғам мен діни бірлестіктердің дінге тиесілігіне қарамастан экстремизм мен терроризм қатерлеріне қарсы іс-қимылда күшін нығайтуға мүмкіндік береді. Адамдардың радикалдану дәрежесіне байланысты діни экстремизм мен терроризм профилактикасының түрлері мен әдістері жіктелді. Діни экстремизм мен терроризм профилактикасына үкіметтік емес сектордың мүмкіндіктерін белсенді түрде тарту үшін жағдайлар жасалды.

"Хедая" зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық орталықтың ұсынымдарына сүйене отырып, Бағдарламада нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштердің шынайы қол жеткізілетін коэффициенттері белгіленді.

Бағдарлама экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық көріністерінің алдын алу және терроризм қатерін болдырмау саласындағы өзекті міндеттер мен орын алған проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады.

Бағдарламаның ережелері азаматтардың ар-ождан бостандығына және олардың діни сенімдерін құрметтеу құқығына Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген қолсұғылмаушылықты ескере отырып, әзірленді.

Мемлекеттің, қоғам мен азаматтардың күш-жігері осы Бағдарламаны іске асыру арқылы қоғамда дін саласындағы радикалдық көзқарастарды қабылдамауға, радикалдық пиғылды адамдар санын азайтуға және олардың пайда болуына ықпал ететін факторларды жоюға, терроризм қатерлерінің алдын алу және халықты терроризмге қарсы қорғау деңгейін көтеруге қажетті және жеткілікті жағдай жасауға, оны қалыпта ұстауға және дамытуға бағытталатын болады.

Қоғамның жекелеген өкілдері арасында радикалдық көзқарастардың қалыптасуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторларды бейтараптандыру

Қазақстан Республикасының әлемнің анағұрлым дамыған отыз мемлекетінің қатарына қосылуы үшін жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

### **3. Ағымдағы ахуалды талдау**

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы сын-қатерлер мен тәуекелдерді бейтараптандыру, сондай-ақ экстремистік және террористік көріністердің алдын алудың жалпымемлекеттік жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды шараларды іске асыруда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясы ұсынылды.

Таяу болашақта Қазақстанның дамуын айқындайтын негізгі жүйелі құжат кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге, еліміздің индустрияландырылуы мен экономикалық өсімі үшін жағдай жасауға бағытталған бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспары болып табылады.

"Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамыту, 2015 – 2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамыту мемлекеттік бағдарламалары, "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды түбегейлі жоюға арналған.

Саяси және экономикалық салаларда болып жатқан ауқымды қайта құру процестері қазақстандық азаматтардың, бірінші кезекте жастардың қоғамдық санасының жаңғыруына әкеледі. Мемлекет басшысының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" стратегиялық мақаласы патриотизмге тәрбиелеуге, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға, әлемде қазақстандық мәдени жетістіктерді ілгерілетуге, мемлекеттік тілде оқытатын жоғары оқу орындарының бөлімшелерінде оқу сапасын арттыруға бағдарланған.

Өскелең ұрпақты моральдық-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеуді жетілдірудің жүйелі шаралары Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында қамтылған.

Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтуда негізгі рөл атқаратын, қоғамда тұрақтылық пен келісімге өз үлесін қосатын конституциялық орган болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясы институты табысты жұмыс атқаруда. "Үлкен ел – үлкен отбасы" кең көлемді жобасын іске асыру

қазақстандықтардың бірегейлігін нығайтады және азаматтық қоғамның бүтіндігін қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

Халықтың діни сауаттылығы және конфессияаралық қарым-қатынастың үйлесімділігі деңгейін арттыруға Дін саласындағы 2020 жылға дейінгі мемлекеттік саясат тұжырымдамасын іске асыру ықпал етеді.

Қабылданған "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" 2005 жылғы 18 ақпандағы, "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарымен негізгі түсініктер аппараты және мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ азаматтардың осы саладағы құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі қағидаттары айқындалды.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпы мемлекеттік жүйесін дамытуға мүмкіндік берді.

Халықта экстремизм мен терроризм идеяларын қолданбайтын сананы қалыптастырудың кешенді шаралары жетілдірілді.

Мемлекеттік органдардың діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша, оның ішінде экстремистік және террористік көріністердің алдын алу, терроризм қатерлеріне ден қою, терроризм актілерінің салдарын барынша азайту және (немесе) жою кезіндегі өзара іс-қимыл жасау механизмдері жасалды және нормативтік құқықтық актілермен регламенттелді.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрестегі іс-қимылын үйлестіру үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етілді. Қуатты құрылымдардың әлеуеті үздіксіз ұлғаюда.

Халықты және аса маңызды объектілерді терроризмге қарсы қорғау жүйесінің негізгі элементтері қалыптастырылды.

Діни экстремизм мен терроризм алғышарттарын анықтау және жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны жетілдіру бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде. Қару-жарақ айналымы және күзет қызметі, көші-қонды реттеу саласындағы заңнамалық нормалар жаңартылды. Террористік және экстремистік әрекеттер үшін қылмыстық жазалау шаралары қатаңдатылды.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту шеңберінде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризмге қарсы күрес жөніндегі 19 қарары мен басқа да құжаттарының 15-ін ратификациялады.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы алдағы екіжылдық кезеңге тұрақсыз мүше ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіндегі жұмысына кірісті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне мүше мемлекеттерге саяси үндеуін іске асыру шеңберінде Бейбітшілікке, терроризмнен бостандыққа қол жеткізу бойынша тәртіп кодексінің жобасы әзірленді.

Кодекс Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Жаһандық терроризмге қарсы коалицияны (желіні) құруға негіз болады.

Қазақстан Республикасының 1267 және 1988 санкциялық комитеттерге төрағалық етуі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің "ДАИШ", "Әл-Каида" және "Талибан" террористік ұйымдарына қарсы іс-қимыл бойынша күш-жігерін нығайтуға себепші болады.

Өңірлік қауіпсіздік арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы орталығымен, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымымен, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымымен және Біріккен Ұлттар Ұйымы Есірткі және қылмыс басқармасының, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы мен Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ өкілдіктерімен белсенді өзара іс-қимылымен қамтамасыз етілген.

Дегенмен, азаматтардың экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық акциялары мен терроризмге әкелетін радикалдану проблемасы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне шын мәнінде қауіп төндіруде.

Сирия-Ирак аймағындағы жеңілістен кейін экстремистік және террористік әрекет субъектілерінің өз қатарын жаңа рекруттармен толтыруға, қосымша қаржыландыру арналарын және көмекші инфрақұрылым қалыптастыруға аса қажеттілігі бар.

Соңғы төрт жылда террористік белсенділік аймағына 440 қазақстандық рекруттың баруына жол берілмеді (2014 жылы – 136, 2015 жылы – 151, 2016 жылы – 91, 2017 жылы – 62). Қабылданған шараларға қарамастан біздің елдің азаматтарының шетелде террористік әрекеттерге қатысу проблемасы өзекті болып қалуда.

Жауынгерлердің шыққан елдеріне қайтып оралу процестері аса қауіп төндіруде. Халықаралық террористік ұйымдардың лагерьлерінен, сондай-ақ үшінші елдерде тірек және транзиттік инфрақұрылымнан Қазақстанның 125 азаматы қайтарылды не болмаса өздері оралды, олардың 57-сі террористік әрекетке қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды.



Радикализм мен терроризм идеяларын қарқынды насихаттау арқылы қазақстандық қоғам санасында конфессияаралық өшпенділік пен алауыздықты ушықтыруға алып келетін, зорлық-зомбылық экстремистік және террористік акцияларды бастауға қабілетті идеялар мақсатты түрде қалыптастырылуда.

Интернетте орналастырылатын террористік ұйымдардың ақпараттық-насихат материалдарының техникалық, көркемдік және психологиялық мазмұны сапасының артқаны байқалады. Әлеуметтік желілерді пайдалану халықаралық террористік ұйымдардың эмиссарларына өз аудиториясын айтарлықтай кеңейтуге, жүргізілетін үгіт-насихатты жүйелі негізге ауыстыруға мүмкіндік береді.

Интернеттің және әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын терроризмді насихаттау әсерінен оқшаулау мақсатында ақпараттық кеңістікке Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына қатысты мониторинг жүргізіледі.

Интернетте және әлеуметтік желілерде терроризм мен экстремизмді насихаттайтын 620 мыңнан астам материал (2015 – 150 мың, 2016 – 700 мың) бұғатталды.

Жекелеген санаттағы отандастарымыздың санасына радикалдық идеялар мен экстремистік көзқарастарды енгізу олардың агрессияның шекті нысандарын көрсетуіне себеп болды, сондай-ақ патриоттық сезім мен ұлттық бірегейлік, мәдени-адамгершілік және отбасы құндылықтарынан айрылуына алғышарт жасады. Бұл процестердің бақылаусыз дамуы радикалдық идеяларды ұстанатын адамдар санының көбеюіне, қоғамда зорлық-зомбылықтың ушығуына алып келеді.

Халықаралық террористік ұйымдар радикалдық идеяларды тарата отырып, қоғамға қарсы көңіл-күйді, қазақстандық қоғамды конфессиялық белгісі бойынша жіктеуге, ұлттық және діни ауызбіршілікті "ажыратуға" арандатады. Аталғандар 2016 жылы Ақтөбе және Алматы қалаларында орын алған қайғылы оқиғалармен расталады.

2014 жылдан бері 30 террористік акцияның дайындалу кезеңінде жолы кесілді және жүзеге асырылмады (2014 жылы – 3, 2015 жылы – 4, 2016 жылы – 12, 2017 жылы – 11).

Радикалдық идеологияны тарату көздері күмәнді шетелдік теологиялық оқу орындарында оқыған және оқып жатқан Қазақстанның азаматтары болып қала беруде. Жастар арасында діни, оның ішінде бейресми негізде оқудың белең алуының азаймауын ескере отырып, жастарды отандық теологиялық немесе зайырлы оқу орындарында оқуға бағдарлау бойынша шараларды жетілдіру қажет.

#### 4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты: діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністерінен және терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауап-ты орындаушылар	2017 жыл (факт)	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1.	Діни алауыздықты немесе араздықты тудыруға бағытталған экстремистік идеяларды жақтайтын адамдар санын азайту (2017 жылғы деңгейге қарағанда)	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), ПМ, ДІАҚМ, АҚМ, БҒМ, ЖАО	-	10	20	35	50	65
2.	Алды алынған және уақтылы жолы кесілген (ой-ниетті қалыптастыру, дайындау, шабуылдау деңгейінде) террористік және өзге де	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), ПМ, БП (келісім бойынша)	100	100	100	100	100	100

	экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық акцияларының үлесі									
3.	Қазақстан Республикасының аумағында терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ терроризм актілерінің салдарын барынша азайту және (немесе) жою дайындығының деңгейі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), ПМ, АКМ, Қорғанысмині, ЭМ, МКҚ (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)	89,1	90,9	91,8	92,8	93,8	94,8

;

Бағдарлама мақсатына мынадай міндеттерді шешу жолымен қол жеткізіледі:

1) қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушылар	2017 жыл (факт)	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1.	Радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ЖАО, ДІАҚМ, АКМ, ПМ, ҰҚК	72	75	78	80	82	85

	ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихаттау жұмыстарымен діни топтар мен қауымдарды қамту			(келісім бойынша)						
2.	Радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға және радикалданудан бас тартуға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихаттау жұмысымен қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде отырған сотталған адамдарды қамту	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ІМ, ЖАО, ДІАҚМ	100	100	100	100	100	100
3.	Ақпараттық-түсіндіру топтарының теолог-мамандармен толықтырылу дәрежесі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ЖАО, ДІАҚМ	50	55	70	80	90	100

;

2) Қазақстан Республикасы халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушылар	2017 жыл (факт)	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1.	Тиісті сараптамалық зерттеулер мазмұнында экстремизм мен терроризмді насихаттау және (немесе) ақтау белгілерін анықтаған ақпараттық материалдарды Қазақстан Республикасының аумағында таратудың жолын кесу тиімділігінің деңгейі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	АКМ, БП (келісім бойынша), ПМ, ҰҚК (келісім бойынша), ДІАҚМ	85	87	88	89	90	91
2.	Шетелдік теологиялық оқу орындарында бейресми негізде оқып жатқан адамдар санының үлесі (2017 жылдың	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), "Сырбар" СБҚ (келісім бойынша)	-	95	90	80	70	60

	деңгейіне қарағанда)			, ДІАҚМ, СІМ						
3.	Шетелдік қарулы қақтығыстарға, шет мемлекеттің аумағында экстремистік және (немесе) террористік әрекетке қатысу салдарынан Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамдардың Қазақстан Республикасына кіруінің (оралуының) жолын кесуді қамтамасыз ету деңгейі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), "Сырбар" СБҚ (келісім бойынша), СІМ, ІМ	100	100	100	100	100	100

;

3) діни экстремизм мен терроризм фактілерін, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру арқылы анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушылар	2017 жыл (факт)	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1.	Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын,	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), МКҚ	84,8	86	87	88	89	90

	біліктілік талаптарына сәйкес келетін арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің үлесі		(келісім бойынша) , ІМ							
2.	Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға арналған заманауи техникамен, қару-жарақпен қамтамасыз етілу үлесі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша) , МКҚ (келісім бойынша) , ІМ	30	35	40	45	50	55
3.	Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін осы мекемелерде радикалдық діни идеологияның таралуын болдырмауға және жолын кесуге бағытталған жедел-профилактикалы	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ІМ, ҰҚК (келісім бойынша)	100	100	100	100	100	100

	қ іс-шаралармен қамту									
4.	Елді мекендердегі бақылау орындарын ішкі істер органдары жедел басқару орталықтарының көшелік бейнебақылау камераларымен қамтуды ұлғайту (2017 жылдың деңгейіне қарағанда)	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ЖАО, ПМ	-	5	10	15	20	25

;

4) діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушылар	2017 жыл (факт)	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1.	Терроризм актісінің (актілерінің) жолын кесу бойынша терроризмге қарсы операцияны өткізуге терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтардың (облыстық,	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ҰҚК (келісім бойынша), МКҚ (келісім бойынша), ПМ, Қорғаныс-мині, ДСМ	92	93	93,5	94	94,5	95



	аудандық/қалалық ) дайындық деңгейі									
2.	Терроризм актісі (актілері) салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатыстырылатын, осы саладағы міндеттерді толық көлемде шешуге дайын мекемелер мен ұйымдардың үлесі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ЖАО	90	93	93,5	94	94,5	95
3.	Террористік тұрғыдан осал, тексерілген және терроризмге қарсы қорғалуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін объектілер үлесі	%	ҰҚК әкімшілік деректері	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), МКҚ (келісім бойынша), Қорғаныс-мині, ЭМ, АШМ, БҒМ, ДСМ, МСМ, АКМ, ИДМ, ЖАО	40	50	60	70	80	90

Мақсаттар, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштеріне Бағдарламаға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жолымен қол жеткізілетін болады.

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар**

Бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу мынадай бағыттар бойынша қамтамасыз етілетін болады:

1. Қоғамда радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті және радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің профилактикасы шараларын жетілдіруге мыналар арқылы қол жеткізілетін болады:

1) мыналар:

Қазақстан азаматтарының терроризмге қарсы санасын және радикалдық идеологияға қарсы иммунитетін қалыптастырудың тиімді нысандары мен әдістерін барлық деңгейдегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары субъектілерінің қызметіне енгізу;

ақпараттық-түсіндіру жұмыстары субъектілері жұмыскерлерінің ақпараттық ықпал ету технологияларындағы кәсіби құзыреттерін арттыру;

ақпараттық-түсіндіру жұмыстары субъектілерін теолог мамандармен толықтыру;

діни қатынастар саласындағы радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға, сондай-ақ радикалсыздандыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихат жұмысында пайдаланылатын қарсы насихат және әдістемелік материалдардың электрондық базасын құру және дамыту;

діни ахуалды жақсарту мәселелерінде нақты қол жеткізулерді көрсете отырып, жүргізілетін профилактикалық жұмысты бағалау есебінен жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру іс-шараларының сапасын арттыру;

2) тіркелмеген діни топтармен және қауымдармен, оның ішінде діни бірлестіктерді тарта отырып, радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға және діни араздықты немесе алауыздықты өршітуге жол бермеуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

3) бұқаралық іс-шараларды (дөңгелек үстелдер, семинарлар), ғылыми-қолданбалы, талдамалық, әлеуметтанушылық зерттеулерді, бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін және өзге де ақпараттық материалдарды сараптамалық

зерттеулерді өткізуді, сондай-ақ ақпараттық материалдарды дайындауды (топиктер, буклеттер, роликтер) көздейтін терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрес мәселелері бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру;

4) орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарында оқитындарды рухани-адамгершілік, оның ішінде үкіметтік емес секторды тарта отырып тәрбиелеу бойынша іс-шараларды өткізу;

5) интернет және әлеуметтік желілер арқылы радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті, діни қатынастар саласындағы радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға және радикалсыздандыруға бағытталған, оның ішінде:

діни алауыздықты немесе араздықты тудыруға, терроризм мен экстремизм идеяларын насихаттау нысандарын, әдістері мен тәсілдерін әшкерелеуге бағытталған терроризм мен экстремизм идеяларының қауіптілігін түсіндіру;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы үкіметтік емес ұйымдарды, сондай-ақ діни бірлестіктерді тарту;

жаңалықтар порталдарында және әлеуметтік желілерде, оның ішінде танымал блогерлер мен қоғамдық пікір көшбасшылары арқылы ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихат материалдарын тарату;

жастар үшін ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихат материалдарының көрнекі әдістерін (роликтер, бейнематериалдар), ойын элементтері мен интерактивті әдістерді пайдалану;

әлеуметтік желілерде аккаунттарды сүйемелдеуді және экстремизмге қарсы тақырып бойынша мемлекеттік органдардың, ғылыми-сараптамалық қоғамдастық пен діни бірлестіктер өкілдерінің сөздерін бейнехостингтерге орналастыруды ұйымдастыру арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

6) "Журналистика", "Тарих", "Саясаттану" және "Әлеуметтану" мамандықтары бойынша оқу бітірген студенттерде ақпараттық-түсіндіру және қарсы насихат жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру;

7) мынадай:

Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы; қоғамдық санада экстремизм қаупінің, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризм идеологиясын қарсы насихаттау тиімділігі дәрежесінің көрініс табуы мәселелері бойынша әлеуметтанушылық зерттеулердің нәтижелері бойынша діни экстремизм мен терроризм профилактикасын, сондай-ақ интернет желісін пайдалана отырып, жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу;

8) халыққа діни қатынастар саласында консультативтік көмек көрсету бойынша бірыңғай республикалық "114 - қауырт желісінің", радикалдық идеологиядан зардап шеккен адамдарды әлеуметтік оңалту және бейімдеу орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ сотталған адамдармен және олардың айналасындағылармен жұмыс жүргізу үшін өңірлерде оның өкілдіктерін құру;

9) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру бөлімшенің қызметін жетілдіру және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталған адамдармен, оның ішінде діни бірлестіктерді тарта отырып, радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;

10) экстремистік және террористік идеологияның құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарға, сондай-ақ Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет өткеретін әскери қызметшілер ортасына енуінің алдын алу, оның ішінде:

құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар, сондай-ақ әскери бөлімдердің аумақтарында және әскери қалашықтардың тұрғын аймақтарында діни іс-әрекет пен діни әдебиеттің және діни сипаттағы өзге де ақпараттық материалдардың таралуының жолын кесу;

экстремистер мен террористердің өз қызметіне құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ әскери қызметшілерді тарту әрекеттерін анықтау және жолын кесу;

әскери қызметшілер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері арасында діни экстремизм және терроризм идеяларының таралуының алдын алуға бағытталған тәрбиелік және идеологиялық жұмысты күшейту арқылы алдын алу.

2. Қазақстан Республикасы халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендетуге мыналар арқылы қол жеткізілетін болады:

1) интернет желісінде терроризм мен діни экстремизмді насихаттау фактілерін анықтау және бейтараптандыру үшін техникалық құралдар мен шараларды жетілдіру;

2) экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын материалдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарын, интернет-ресурстарды, оның ішінде әлеуметтік желілерді тұрақты мониторингтеуді қамтамасыз ету және олардың таратылуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен, сот арқылы және

соттан тыс тыйым салу шараларын қабылдау (уәкілетті органдардың ұйғарымы бойынша);

3) қазақстандық азаматтарды олардың шетелде жүрген кезеңінде радикалдық көзқарасты ұстанушылардың насихаттық іс-әрекетінен оқшаулау бойынша жұмыстар жүргізу;

4) қоғамда шетелдік теологиялық оқу орындарында бейресми негізде оқу қауіпсіз және перспективалы емес екені туралы ой-пікір қалыптастыру;

5) шекаралық бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ діни экстремистер мен террористердің Қазақстан Республикасы аумағына кіруінің не болмаса тыйым салынған материалдарды, оның ішінде заңсыз көші-қон арналары мен жалған құжаттарды пайдалана отырып, ел аумағына әкелу арналарын (бағыттарын) және тәсілдерін анықтау және жолын кесу;

6) Мемлекеттік шекара учаскелерінде инфрақұрылымды күшейту, сондай-ақ шекаралық бақылауды техникалық құралдармен жасақтау;

7) шетелдік содыр-террористердің Қазақстан Республикасының аумағына кіруін немесе одан транзитпен өтуін болдырмау мақсатында БҰҰ ҚК терроризмге қатысы бар адамдардың санкциялық тізімдерін ұлттық деректер базасына интеграциялау;

8) БҰҰ алаңында Бейбітшілікке, терроризмнен бостандыққа қол жеткізу тәртібі кодексін әзірлеу және қабылдау;

9) Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық авиацияға қатысты заңсыз актілерге қарсы күрес туралы конвенцияға және БҰҰ Әуе кемелерінің қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі хаттамаларына, сондай-ақ Теңіз кемелеріндегі қауіпсіздікке қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенцияға 2005 жылғы хаттамаға қосылуы.

3. Діни экстремизм мен терроризмнің фактілерін, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру арқылы анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыруға мыналар арқылы қол жеткізіледі:

1) діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл субъектілерінің кадрлық құрамының кәсіби біліктілік деңгейін ведомстволық курстарда, шет мемлекеттердің оқу орталықтары мен мекемелерінде арттыру;

2) ішкі істер органдарының жоғары оқу орындары жедел және тергеу бөлімшелерінің қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттыру бағдарламаларына террористік сипаттағы қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тергеу мәселелері жөніндегі оқу бағдарламаларын енгізу;

3) экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға тартылған ішкі істер органдары бөлімшелерінің штат санын ұлғайту жөнінде шаралар әзірлеу;

4) кинолог-инспекторларды және қызметтік-іздігіру иттерін жарылғыш заттар мен қару-жарақты табу бойынша даярлау бөлігінде кинологиялық қызметті, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кинологиялық орталығы базасында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланының кинолог мамандарын және қызметтік иттерін даярлау және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру және жүргізу арқылы дамыту;

5) сотталған адамдардың (дактилоскопиялық, геномдық және фото есептер) криминалистік есебін қалыптастыру;

